

Хабарландыру

«Тұран» шаруа қожалығы Түркістан облысы, Сауран ауданы, Қарашық с/о, Қарашық ауылы, Ұлықбек көшесі, 2А құрылысы мекенжайы бойынша орналасқан «Тұран» шаруа қожалығының өндірістік базасының жобасына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімінің материалдары бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Барлық азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге қоршаған ортаны қорғау саласындағы мәселелерді талқылауға қатысу мүмкіндігі беріледі. Жоба материалдарымен танысу, Бірыңғай экологиялық порталда (<https://ecportal.kz>) жұртшылықтан ұсыныстар мен ескертулер қабылдау қоғамдық тыңдаулар басталған күннен бастап 07.11.2023 ж. бес жұмыс күні ішінде қолжетімді болады.

Объявление

Крестьянское хозяйство «Туран» уведомляет о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений по материалам раздела «Охрана окружающей среды» к проекту производственной базы крестьянского хозяйства «Туран» расположенной по адресу: Туркестанская область, Сауранский район, с/о Карашык, с. Карашык, ул. Улыкбек, строение 2А.

Всем гражданам и общественным объединениям предоставляется возможность принять участие в обсуждениях вопросов в области охраны окружающей среды. Ознакомление с материалами проекта, прием предложений и замечаний от общественности на Едином экологическом портале (<https://ecportal.kz>) будут доступны в течение пяти рабочих дней, с даты начала общественных слушаний 07.11.2023 г.

Топырақ құнарлылығы

Топырақтың өсімдіктер дүниесін қажетті қоректік заттармен және сумен, ал тамыр жүйесін оттегімен, жылумен және қолайлы физ.-хим. ортамен қамтамасыз ету қасиеті. Бұл топырақтың ең басты қасиеті. Топырақ құнарлылығы, биоценоздың жалпы өнімділігі мен а. ш. дақылдарының түсім мөлшерін анықтайды.

Топырақ құнарлылығын екіге бөледі: табиғи және жасанды. Табиғи топырақ құнарлылығы топырақ түзілу процесі нәтижесінде пайда болған топырақтың табиғи күйіндегі құнарлылығы. Ол қарашірінді қабатының қалыңдығына, қарашірінді құрамына, қоректік элементтердің жеткілікті болуына, топырақтың түйіршікті, минерал. және хим. құрамына, микробиол. процестердің қарқындылығына тәуелді.

Жасанды топырақ құнарлылығы сол табиғи құнарлылықты арттыру мақсатында қолдан жасалған көптеген әрекеттердің нәтижесінде (өңдеу, тыңайтқыштар қолдану, дақылдарды егіп өсіру, мелиорация, т.б.) алынады және егілген а. ш. дақылдарының түсім мөлшеріне қарай бағаланады. Топырақты қорғап және оны дұрыс пайдалана білсе, оның құнарлылығы артады.

Табиғи құнарлылығы төмен, егіншілікке жарамсыз топырақтарды да адам қолымен жақсартып, егіншілікке қарқынды

пайдалану арқылы жоғары өнім беретін алқаптарға айналдыруға болады. Табиғи құнарлылық пен жасанды құнарлылықтың қосындысы – экон. немесе тиімділік құнарлылық деп аталады. Ғасырлар бойы адамзат қоғамы негізінен табиғи құнарлылықты пайдаланып, соның берген азды-көпті өнімін қанағат тұтып келді.

Бұрынғы кезде ұзақ жылдар бойы егіншіліктің үш танапты жүйесі орын алып, онда тың жатқан жерлерді жырттып, оған үш жылдай қатарынан егіс еккен. Ол жерлерден табиғи құнарлылығы арқасында өнім алып, одан кейінгі жылдары өнім азая бастаған кезде егістікті басқа жерлерге ауыстырып егу тәжірибесі өріс алып келді. Мұны егіншіліктің көшпелі жүйесі деп те атады. Дегенмен ғыл.-тех. прогрестің даму нәтижесінде жерді үнемі дұрыс пайдаланған жағдайда, ол ешуақытта жарамсыз болып, істен шығып қалмайтыны белгілі болды. Керісінше жылдан-жылға жақсара түседі.

Е.Е. МЫРЗАБАЙ,

ҚР ДСМ СЭБК «ҰСО» ШЖҚ РМК
Түркістан облысы бойынша филиалы
Кентау қалалық бөлімі. Санитариялық-гигиеналық зертханашысы

Туристік автобус Түркістан облысының киелі орындарын тегін аралатады

Түркістан облысындағы киелі орындарды аралаушылар саны күн санап артып келеді. Саяхаттаушылар санын арттыра түсу мақсатында «Kazakh tourism» ұлттық компаниясының ұйымдастыруымен аптаның әр сенбі-жексенбі күндері Шымкент қаласынан Түркістанға тегін автобус қатынайды.

Туристік автобус - үшінші апта саяхаттаушыларды тегін тасымалдауда. Ақысыз туристік бағыт – көптеген азаматтарға киелі өңірлерді көруге мүмкіндік беріп отыр. Тур аясында ең алдымен саяхаттаушылар тарихтан сыр шертетін Отырар төбе мен Арыстанбаб кесенесіне зиярат етеді. Одан соң туристер Ясауи кесенесі мен көне Түркістан шаһарының заманауи жаңа келбетімен танысады.

Айта кетейік, автобус Шымкент қаласынан әр сенбі-жексенбі күндері сағат 09:00-де «Shymkent Grand Hotel» қонақ үйінің автотұрағынан қатынайды. Автобустан орынды алдын ала <https://goturkistan.com/shymkentturkistan> сайты арқылы брондауға болады.

Түркістан облысының Өңірлік коммуникациялар қызметі



МҰРАҒЕРЛІК ІС АШЫЛДЫ

Орынбасаров Сапарбектің 12.02.2022 жылы қайтыс болуына байланысты мұрагерлік іс ашылды. Барлық мұрагерлердің Сауран ауданы, Шорнақ ауылы, Т.Сүлейменов көш № 19 А мекенжайда орналасқан нотариус Ақтолқын Молдалиеваға жолығуына болады.

Жумадуллаев Оналбек Мантаевичтің 16.10.2023 жылы қайтыс болуына байланысты мұрагерлік іс ашылды. Барлық мұрагерлердің Түркістан қаласы Тәуке хан көшесі №308 мекенжайы бойынша орналасқан нотариуске жолығуына болады.

Жаманов Тилжуберди Кудайбергевичтің 27.04.2023 жылы қайтыс болуына байланысты мұрагерлік іс ашылды. Барлық мұрагерлердің Түркістан қаласы Тәуке хан көшесі №308 мекенжайы бойынша орналасқан нотариуске жолығуына болады.

Намазов Бауыржан Хаитовичтің 16.05.2023 жылы қайтыс болуына байланысты мұрагерлік іс ашылды. Барлық мұрагерлердің Түркістан қаласы, Мыңбасы және Ерубаев көшесі қиылысында орналасқан нотариус Ж. Серикбаеваға жолығуына болады.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛСЫН

Мусаева Саида Набихановнаның атына берілген автокөлігінің KZ 375 AQD 13 нөмер белгісінің жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Кентау қаласы, Хантағы ауылы, Үсенбаев көшесі, №47В мекенжай бойынша кадастерлік №19-304-016-535 мемлекеттік АКТ-ның жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын

Құрылтайшысы - "Еркін и
К-XXI" ЖШС,

Бас редакторы -
Раушан
ЖУНИСОВА
тел: 8 702 551 50 34

Аймақтық тілші -
М. ХОЖАМУРАТОВ - Түркістан,
Жамбыл, Алматы, Қызылорда
облыстары.
тел: 3-02-12,
8 701 9128067.
Баспагер -
Е. Ван-Юн-Тен.

Редакцияның мекенжайы:
Жамбыл көшесі 7-үй.
Телефондары:
Тел/факс: 8 (72536)
3-51-12, 3-11-87.
Электрондық пошта:
e-mail:
k-t-gazet@mail.ru
типография поштасы:
erkinxxi@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасының
Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде
2005 жылдың 28 қаңтарында қайта тіркелді.
Куәлік № 5694-Г.
Газет "Еркін и К-XXI" ЖШС басылды.
Автордың мақалалары, үндеулері, ашық
хаттары, көзқарасы редакцияның
көзқарасын білдірмейді.
Баспахана мекенжайы: 160400
Кентау қаласы, Жамбыл көшесі, 7-үй.

Жарнама мәтініне
несі жауапты.
ЖАЗЫЛУ
ИНДЕКСІ - 65095.
Тапсырыс № 1139
Таралымы - 800
Қолжазбалар
қайтарылмайды.